

ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСУДЫҢ ТӘРТІБІ

Келген мемлекеті, қаласына байланысты:

1. Шет елден келгендер/ грант, квота иегері және ақылы/;

1. Қазақстанның алыс, жақын облыстарынан келгендер/ құжаттары мен куәліктері нотариус арқылы расталғанын өткізген жағдайда/ грант, квота иегері және ақылы өз кезегімен ерлер №1,3,5,6 ал қыздар №2,3,5,6 және Кентау, Шымкент қалаларындағы жатақханаларға орналастырылады.

2. Түркістан облысынан келген /Түркістан қаласы мен Кентау қаласының тұрғындарынан тыс/ грант иегерлері 1,2-ші пункттеріне орналасулар біткен соң орналастырылады.

2. Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға байланысты:

1. Даму мүмкіндіктері шектеулі адамдар; / медициналық анықтамасының болуы/

2. мүгедектер және бала кезінен мүгедектер; / медициналық анықтамасының болуы/

3. мүгедек балалар; / медициналық анықтамасының болуы/

4. Тұл жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар; / мәліметтер мен құжаттар нотариалды расталған болуы/

5. ата-анасының біреуі немесе екеуіде мүгедек болып табылатын адамдар; / мәліметтер мен құжаттар нотариалды расталған болуы/

6. Көп балалы отбасынан шыққан студенттер яғни, жанұясында мектеп жасындағы бес баласы барлар/ туу туралы куәлік көшірмелерінің нотариалды расталған болуы керек/;

3. Жетістіктеріне байланысты:

1. «Алтын белгі» иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар;

2. Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/ конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, білім туралы растайтын құжаты бар/ куәліктер, аттестат, диплом/ талапкерлер;

3. Оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғары курс студенттері қатарындағы білім алушылар / растайтын құжаттардың болуы/;

4. Университет спортшылары және өнерпаз студенттер / республикалық жарыстарда жүлделі орындарға ие болғандар, КТК клубының мүшелері, ән-би тобының мүшелері/ растайтын құжаттардың болуы/;

4. Қоғамдық қызметтеріне қарай:

1. Университеттің жастар қоғамының мүшелері, университет және жатақхана белсенділері; / университет басшысының шығарған өкімімен/

5. Қосымша жатақханадан орын бөлінетін жағдайлар:

1. Ақылы негізде білім алатын студенттер жатақханаға бос орын болған жағдайда ғана орналастырылуы мүмкін.

2. Магистратура және докторантура бағдарламаларында білім алатын студенттерге бос орындардың 3% мөлшерінде контингент бөлінеді.

3. Түркістан қаласының маңайында және Кентауда тұратын студенттерден басқа, Түркістан облысынан келген студенттер.